

6D010300/8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Накыпова Гулнур
Кабылтаевнаның «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін
қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының «Өмір бойы оқыту» деп аталатын 2-тарауында: «Соңғы онжылдықтарда өзекті трендке айналған өмір бойы оқыту интеллекті, құрылымдық ойлау, бейімделу және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамыту, танысу шеңберін кеңейту, әлем туралы мүмкіндіктер мен идеялар, психикалық денсаулықты жақсарту арқылы адамдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады» деп көрсетіледі. Құжатта көрсетілгендей, көпдеңгейлі білім немесе үздіксіз білім, өмір бойы оқыту – адами қасиеттің бейнесінің мазмұндық және процессуалды жағынан жүйелендірілген оқыту мен тәрбиелеу негізінде мақсатты түрде дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік-мәдени тетігі. Осы ретте магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда үздіксіз білім беру аясындағы магистранттардың кәсіби-жеке тұлғалық қалыптасуын өзіндік даму жағдайларында, нақтырақ айтсақ өзіндік жұмыстарында жүзеге асыратын үдеріс деп негізге алынса, бұл тұста Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3-маусымдағы №133 бұйрығына сәйкес бекітілген «Педагог» кәсіптік стандартындағы Кәсіптік стандарттың Паспортында: «Өзін-өзі дамыту сапасын басқару және көшбасшылыққа ұмтылу» деп беріледі. Құжатта көрсетілгендей, магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жоғарыдан кейінгі білім беруді жетілдірудің дидактикалық ұстанымдарын, әдістері мен формаларын заманауи тұрғыда дамытудың және өмір бойы білім алудың әлеуметтік өлшемдерін, яғни өзін-өзі дамыту, көшбасшылыққа ұмтылыс жасау, өмір бойы білім алу және т.б. нақтылауды міндеттейді. Г.К.Накыпованың диссертациялық жұмысы өзекті, жоғары білімнен кейінгі білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты жұмыс болып табылады.

		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Г.К.Накыпованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс («6D010300/8D0110 – «Педагогика және психология») бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.		Г.К.Накыпованың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми-тәжірибелік жетістіктері ретінде «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық зерттеуі ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертанттың ғылыми зерттеуінің маңыздылығы келесідей: - <i>біріншіден</i>, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда, яғни философиялық, психологиялық және педагогикалық аспектілерінде теориялық негіздері айқындалып, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың түзілуі ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған; - <i>екіншіден</i>, «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің мазмұны, құрылымы мен қызметін айқындап, нақтылауында ғылым үшін маңыздылығы ашылған және ғылымға елеулі үлесін қосады; - <i>үшіншіден</i>, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған; - <i>төртіншіден</i>, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесінің дайындалуымен және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексерілуімен, ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың

			берілуімен ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Г.К. Накыпованың диссертациялық зерттеу жұмысы дербес орындалған ғылыми жұмыс, өзекті проблеманың шешімін қарастырған, толық және аяқталған дербес жұмыс болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Барлық талданған ақпараттар дербес әрі түсінікті жазылған, диссертацияда мағыналық құрылым сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Г.К.Накыпованың зерттеу жұмысының өзектілігі негізделген. Автордың ұсынатын аргументтері диссертациялық тақырыпты зерттеудің өзектілігін көрсетеді. <i>Біріншіден</i>, қоғамның сұранысын қанағаттандыруда көп деңгейлі педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен оның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттарды дайындауда ғылыми негіздерінің жеткілікті дәрежеде зерттелмеуі; <i>екіншіден</i>, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттарды дайындаудағы жасалатын жағдайлар мен магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін әлеуетті жеткіліксіз пайдалану; <i>үшіншіден</i>, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық теория мен практиканың қажеттілігінің артуы мен оны жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жүзеге асыруға әдістемелік жолдарының толық айқындалмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды жоюға диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Диссертацияда зерттеудің барлық компоненттері толық қамтылған. «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертация тақырыбы 3 тарауда диссертация мазмұнын толық көлемде анықтайды. Зерттеу жұмысының 1-тарауында өзіндік жұмыс – магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде түсіндіріліп талданады. Тараушада «өзіндік жұмыс», «магистранттардың өзіндік жұмысы» «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыда теориялық талдаулары жүйеленіп, магистранттардың өзіндік жұмысты ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі ұғымдардың мазмұны мен құрылымы, қызметтері нақтыланады. Магистранттардың

	өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары беріледі. 2-тарауда магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әлеуеті талданады. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары түзіліп, шарттарды жүзеге асыруда құрылымдық-мазмұндық моделі компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштерге негізделіп логикалық әрі динамикалық байланыста беріледі. 3-тарауда магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтауға арналған диагностикалық жұмыстардың мазмұны және магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі дайындалып ұсынылады. Дайындалған әдістеменің жүзеге асырылу мазмұны талданады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері көрсетілген.
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді, мақсат-міндеттердің орындалуы зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің мақсатын магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу деп тұжырымдап, осы мақсатқа сай бірнеше зерттеу міндеттерін туындатып, қойылған зерттеу мақсаты мен міндеттерін шешу арқылы қол жеткізген. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындайды: Диссертациялық жұмыстың мақсаты және алдын ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеудің барлық кезеңдері реттілікпен орындалып, бірін бірі толықтырып отырады.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылымы, негізгі ережелері бір-бірімен логикалық жағынан толық байланысқан. Бөлімдер өзара тығыз байланыста, сабақтастырыла берілген. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсат-міндеттерді шешудің тиімділігіне арналған.
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып	Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда, ұғымдық-категориялық аппаратын түзуде және оның құрылымдық-мазмұндық

		бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	болмысын модельдеуде, әдістемесін дайындауда, тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық өңдеуде сыни талдау бар .
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертант зерттеулерді терең және толық талдап, зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады. 1-нәтиже – толығымен жаңа. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Зерттеу тақырыбының әдіснамалық негіздерін айқындауда жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық тұғырлары басшылыққа алынған. 2-нәтижеде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың – («өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің) ұғымдық-категориялық аппараты түзілді, әр ұғым мен түсініктердің мәні анықталып, құрылымы нақтыланды. Мұндағы «өзіндік жұмыс – мотивация түрлері арқылы кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін тәуелсіз әрекет»; «магистранттардың өзіндік жұмысы – «оқытушы – ғылыми кеңесші – магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталып, білім алушы тарапынан ерекше түрде ұйымдастырылатын ғылыми-педагогикалық іс-қимылдарының траекториясы»; «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс» деп нақтылануы толығымен жаңа нәтиже болады. 3-нәтиже – толығымен жаңа. Зерттеу барысында магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-мазмұндық, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттердің жиынтығын құрап және өлшемдері мен көрсеткіштері түзіліп, жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған. 4-нәтиже – толығымен жаңа. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі: «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби

		құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы және «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы және «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, ғылыми-әдістемелік негіздегі ұсыныстар дайындалған.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияның негізгі қорытындылары төмендегідей: - <i>бірінші қорытындыда</i> магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы бойынша ұғымдық-категориялық аппаратында философиялық, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеу оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге және ғылыми-теориялық мәселелерге тұжырым жасау толығымен жаңа болып табылады. Әдіснамалық негіздеуде жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық тұғырларының басшылыққа алынуы толығымен жаңа. - <i>екінші қорытындыға</i> сәйкес докторант білімнің бірізділік және жүйелілік логикасын сақтай отырып, зерттеу жұмысында негізгі категориялар болатын «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің ұғымдық-категориялық аппаратын түзген, әрбір ұғым мен түсініктің мәнін анықтап, құрылымын нақтылауы толығымен жаңа. - <i>үшінші қорытынды</i> бойынша зерттеу барысында магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-мазмұндық, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттердің жиынтығын көрсетеді, мотивациялық-мазмұндық компоненттің өлшемі өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылықтың болуы және ғылыми-педагогикалық жетістіктер локусына жету тілегі, ал танымдық-әрекеттік компонентке танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми-педагогикалық сипаттағы өздігінен іздену қызметі және рефлексиялық-бағалаушылық компонентке ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыру, өзіндік жұмыстар негізінде ғылыми және кәсіби жетістікке жету логикасы өлшемдері беріліп, соған сәйкес көрсеткіштері және жоғары, орта, төмен деңгейлерінің анықталуында құрылымдық-

		мазмұндық моделінің жасалуы толығымен жаңа. - <i>төртінші қорытынды</i> магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің дайындалуы және әдістемені жүзеге асыруда әдістерін, формаларын, технологияларын белсенді қолдану, әдістеменің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда дәлелденуі толығымен жаңа.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автордың ұсынған магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). Зерттеу қорытындылары теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды ЖОО-да болашақ маман даярлауда, жоғарыдан кейінгі білім беруде және педагогтердің кәсіби даму жүйесінде пайдалануға болатындығы дәлелдемелерде негізделген. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды <i>дәлелдемелермен негізделген</i> және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін Докторант Г.К.Накыпованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған төрт ережені атап өтуге болады: 1. <i>Бірінші ереже бойынша</i> зерттеудегі негізгі ұғымдардың бірі кәсіби құзыреттілік» - адамның өзіндік даму қабілеттерінің кешені, өзіндік жұмыс – тәуелсіз оқыту құралы болатындығын философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан зерттеу оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, терең талдауға және әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарды негіздеп, ғылыми-теориялық мәселелерге өздік тұжырымын жасау дәлелденген, тривиалды емес , зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолдану ауқымы кең және бұл «Кәсіби құзіреттілік: мәні және негізгі қағидалары». Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1 (77), 2019. 208-213 бб. атты мақаласында көрініс тапқан 2. <i>Екінші ереже бойынша</i> магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі ұғымдардың нақтылануы тривиалды емес және «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі кәсіптік магистрлік даярлық». Вестник АПН Казахстана, №1, 2020. 131-137 бб. мақаласында дәлелденген.

		емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	3. <i>Үшінші ережеге сәйкес</i>, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы дәлелденуі тривиалды емес, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы айқындалған компоненттерге сай өлшемдер мен көрсеткіштердің мазмұны кең және «Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: негізгі мәселелері мен түсініктері». Вестник «Қазақ Білім Академиясының баяндамалары» Астана, 2019.-№1. -133-138 бб. атты мақаласында дәлелденген. 4. <i>Төртінші ережеге сәйкес</i>, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі және тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, және ауқымы кең және «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудегі өзіндік жұмыс магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру базасы ретінде». Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(81), 2024ж., 154-167 б. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.81.1.021 атты мақаласында дәлелденген. Зерттеу нәтижелері автордың 17 ғылыми жарияланымында көрініс тапқан. Оның ішінде 2 мақала Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналдарда, 6 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық-практикалық конференция материалдарында, 4 мақала республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, 1 оқу-әдістемелік құралы жарияланған.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы — негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә;	Иә, әдістеменің тандауы негізделіп, зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (тұғырлар: жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық, ал ұстанымдар: теория мен практиканың бірлігі, ғылымилық, тұтастық, таным мен белсенділік ұстанымдары) жиынтығы ретінде нақты жазылған. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды SmartArt-ты қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, алынған. Зерттеу нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияның көмегімен диаграммалар құрылған.

9	Практикалық құндылық қағидаты	2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Тәжірибелік-педагогикалық зерттеу Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде 7M01104 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша респонденттер барлығы 56 магистрант эксперименттік топты құраса және бақылау тобын Болашақ университетінің базасында 7M01104 – «Педагогика және психология» білім бағдарламалары бойынша магистранттары барлығы 46 респондентпен жүргізіліп, тәжірибелік-эксперимент жұмыстары дәлелденген. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді Экспериментке 102 магистрант қатысты.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылыми еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары, отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар Scopus, Web of Science деректер қорына енетін журналдар, ҚР ҒЖЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 226 әдебиетті құрайды.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар: - магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды; - «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің мазмұны, құрылымы мен қызметі нақтыланды; - магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық- мазмұндық моделі жасалынды және ол теориялық тұрғыдан дәлелденді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар: Зерттеудің жұмысының практикалық маңыздылығын зерттеудің теориялық қорытындылары мен ғылыми-әдістемелік нұсқаулары магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді. Автор дайындап ұсынған және тәжірибеден өткен «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-

			педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы; сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер және олардың негізінде тұжырымдалған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құралы, ЖОО-да болашақ мұғалімдерді даярлауда, жоғарыдан кейінгі білім беру тәжірибесінде қолданылуы мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда келтірілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелерін жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беруде, біліктілікті арттыру ұлттық орталықтарында пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс сауатты жазылған. Алайда, Г.К.Накыпованың «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына келесідей ескертулер жасалады: 1. Теориялық-әдіснамалық бөлімде кейбір авторлардың анықтамаларына диссертанттың өзіндік тұжырымдаулары қысқа қамтылған, егер докторант өзіндік тұжырымын толықтыра түскенде, ғылыми жұмыстың маңыздылығы одан да жоғарылар еді; 2. Тәжірибелік-эксперименттік бөлімнің 3.2 тараушасында дайындалып ұсынылған әдістеме мазмұнында, яғни «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы бойынша тақырыптардың мазмұнын аша түскенде диссертацияның құндылығы артар еді. Дегенмен де, берілген ескертулерді ұсыныс ретінде қабылдауға да болады. Осы мәселеге баса назар аударылса, диссертациялық жұмыстың мәнділігі арта түседі, алайда ескертулер диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Г.К. Накыпованың диссертациялық зерттеуінің негізінде алынған зерттеу нәтижелері талапқа сәйкес тиісті журналдар мен басылымдарда жарияланған. Г.К.Накыпованың барлық жарияланған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары деп танылады. Диссертанттың жарық көрген ғылыми мақалаларының мазмұны диссертациялық жұмыстың тақырыбына сай келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Накыпова Гулнур Кабылтаевнаға 6D010300/8D01101 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

